

*Филологический Журнал*  
**«Язык. Перевод. Культура»**

Кокшетау, 2021 2

**УДК 80/81**

**ББК 81.2**

**Ф84**

Филологический журнал «Язык. Перевод. Культура» для молодых ученых, аспирантов, магистрантов и студентов – Кокшетау: 2021. – 200 с.

**Секция «Лингвистика»**

**ӘОЖ 81**

**Абдрахманова А., Билял Б.Қ.**

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.,  
Қазақстан Республикасы

**М.ӘУЕЗОВТЫҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫҢДАҒЫ ОРЫС  
ЕСІМДЕРІ**

*Аталмыш мақалада М.Әуезовтың «Абай жолы» романындағы кездесетін орыс есімдері зерттелген. Романдағы кездесетін барлық орыс есімдерінің аражігі ажыратылғандығы жөніндегі айтылады, яғни оларды классик ақындаресімдері, халық бұқарасының есімдері, орыс халқынан шыққан үстем тапөкілдері деп үш топқа бөлініп, мысалдар келтірілді.*

Түйін сөздер: роман, этимология, есімдер, антропонимика, ономастика.

Тілдердегі кісі аттарының шығу төркінін және олардың этимологиясын зерттеу –тіл білімінің ономастикасы салаларымен тығыз байланысты. Түркі тілдерінің ономастикасының зерттеу – ғалымдардың еңбектерінде Орта Азия халықтарында адам аттарының көпшілік жағдайда ұқсас екендігі айтылып жүр.

Бұндай ұқсастықтың болуы заңды нәрсе болып табылады. Себебі бұл халықтардың әдет-ғұрып, салт–санасы, күн көрісі өте ұқсас. Сондай-ақ бұлардан басқа да ономастикадағы ұқсастық бұл халықтардың дінінің де ұқсастығы да болуы мүмкін. Бізге белгілі қазақ, қарақалпақ, өзбек, түркмен, қырғыз халықтарын да жүздеген аттар діни ұғымдармен байланысты.

Түркі халықтарында ат қоюға байланысты түрлі әдет-ғұрыптардың барлығы байқалады. Мысалы: баласы тұрақтамай өле беретін болса Тұрсын, Тұрды, Тоқта, Тұрар ат қою немесе қыз туа беретін болса Жаңылсын, бала өле

берсе әртүрлі жаман аттар, айуанаттардың аттарын Арыстан, Итбай, Бөрібасар

т.б. деп ат қою дәстүрі кең етек жайған. Бала аурулы болмау үшін Ұрыбала, Салақбала деген аттарды қою жағдайлары кездеседі.

Бұндай жағдайлар түркі тілдерінің бәрінде де монғол тілдерінде де жиі ұшырасатынын Т. Жанұзақовтың «Қазақ есімдерінің тарихы» деген еңбегінен

көбірек байқауға болады [1;47 ]

Көркем туындылардағы адам аттары туркологияда В.В.Радлов, В.М. Жермунскийдің, А.К. Боровковтың; Н.К.Баскаковтың, Ә.Қоңыратбаевтың т.б.

ғалымдардың еңбегінде жиі сөз болған мәселелердің бірі. Кезінде М.Әуезов эпостағы ономастикалық атауларға байланысты былай деп жазған: «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында ғибрат беру сарыны күшті. Қаһармандарының

бір парасы жамандықтың үлгісі болса, екінші парасы жақсылықтың үлгісі болып көрсетіледі. Қатты Қарабай, жауыз Қодар, сұм мыстан, Сасан би, опасыз жеңге- зұлымдықтың жоқшылары болса, әділеттің / жоқшылары. Жырда

жауыздық пен әділет дүниесінің тартысы суреттеледі/ [2; 158]

Ғалымның осы пікірі біз сөз етіп отырған «Абай» романындағы антропонимдерге байланысты айтуға болады. Мысалы: Құнанбай, Майбасар, Қаратай, Оразбай, Тәкежан, Әзімбай деген есімдер романда жауыз қаныбезер, қаталдықты аңғартса, Абай, Әбіш, Ербол, Дәрмен, Әйгерім дегендер, адамгершіліктің, адалдықтың символы ретінде елестейді.

Романда 450-ге жуық антропонимдер кездеседі. Халық тілдерінің қай саласында болмасын сөздің өзі жалпы және жалқы есім сөздер болып үлкен екі топқа бөлінеді. Жалқы есім антропонимдер тұрғысынан қарағанда фамилия, әке аты, лақап ат, бүркеншік аттар болып бөлінеді.

Антропономика - ономастиканың бір саласы ретіндегі кісі есімдерін зерттейтін бөлім.

Орыс тіл білімінде де, түркі тілдерінде де өте ерте кезден бастап- ақ зерттелген.

Тіл білімінің бұл тарауының орыс тіл білімінде үлкен зерттеу тарихы барлығы байқалады. Мысалы: орыс ғалымдары М.В.Ломоносов, Я.К. Грот, И.И.

Серезневский т.б. есімдер туралы құнды пікірлер айтқан.

Алғаш орыс есімдерін зерттеген М.Морошкин мен Н.М.Тупиков.М.Морошкин орыс есімдерін хроникалық жоспарда алып қараса, Н.М.Тупиков орыс есімдерін тек тарихи тұрғыдан қарамай лингвистикалық тұрғыдан талдау керек деген пікір айтқан, - дейді Т.Жанұзақов[1; 47-50]

Соңғы дәуірінде орыс тіл ономастикасының салалары - зоонимия, астрономия, этнонимия және антропонимика салаларын зерттеу мәселесі жолға қойылған.

Орыс ғалымдарының игі әсерінен қазақ тіліндегі кісі аттары да зерттеле бастады.

Жалқы есімдер мен жалпы есімдер туралы соның ішінде қазақ есімдері

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап шыққан. Қазақ есімдерін талдауда В.В.Бартольд, Ш.Ш. Уалиханов, В.И. Даль, Н.И. Ильминский, А.И. Самойлович сияқты ғалымдардың еңбектерінде бұл мәселеге көңіл аударылған.

Осы қазақ антропонимикасына алғаш пікір айтып талдау жасаған профессор Қ.Жұбанов. Оның «Қазақ сөйлеміндегі сөз тәртібінің тарихы» деген

еңбегінде антропонимдерге синтаксистік талдау жасаған [3; 49-55].

Біріккен тұлғалы кісі аттарының грамматикалық құрылысының дамуы тіліміздегі Бүркітбай, Шаянбай, Құнанбай, Асаубай, Асылбай кісі есімдері мағыналық жағынан бірдей емес. Себебі «бай» сөзінің мағынасы екі түрлі жолмен қолданылады. Біріншіден «бай» сөзінің алдына жалғанатын сөз зат есім

болса, екіншіден «бай» сөзінің алдына жалғанатын сөз сын есім болып жалғанады.

Ал түркі тілдеріндегі ономастиканың зерттелу тарихына шолу жасалғанда ол екі дәуірге бөліп қараған [3;10].

Біріншісі - ертеде жазылған еңбектер, екіншісі -советтік дәуірдегі еңбектер болып бөлшінген. Бұндай еңбектер - В.В. Радловтың әйгілі «Түркі тайпалары әдебиетінің үлгісі» кітабы негізінде жасалған.

Қазақ тілінен бөлек түркі тіліндегі ономастикасын және тарихын, әдебиеті мен тілін зерттеушілерден: В.А. Гордлевский, А.И. Самойлович мақалаларында әдет-ғұрып, ырым жайлы жасөспірімдерге ат қою, тәрбиелеу туралы мәселелері көрсетілген [13;21]

Қазақ тілі сөздік құрамында көптеген орыс тілінен енген сөздер сөздік құрамның едәуір бөлігін құрайды. Мұның алғашқы дәуірі ХҮІІ ғасырдан басталды да алғашқы сөздер сауда –саттыққа, шаруашылыққа байланысты болып келді де, кейін XIX ғ. Екінші жартысында Қазақстанның Ресейгеқосылуына байланысты бұл процесс күшейе түсті. 1861 жылы крепостнойлық праводан азаттық алған орыстар Қазақстан жеріне лек-легімен ығыса бастайды. Қала берсе орыстың алдыңғы қатарлы демократиялық идеялы адамдары қазақ жеріне аударылды. Қазақ еліндегі мұндай әлеуметтік құбылыстар романда кең және жан-жақты суреттелген. Осыған байланысты романда толып жатқан орыс есімдері өте көп. Бірінші топта жиі кездесетін, айтылатын есімдер орыстың классик ақындарының есімдері.

Пушкин, Лермонтов, Крылов, Толстой, Чернышевский, Герцен, Белинский.

Екінші топтағы есімдер - халық бұқарасының есімдері – Евгений, Петрович, Степной, Михайлов, Андреев, Мария, Михайлова, Каракозов, Желябов, Перовская, Домна, Фадеевна, Марков, Иванович, Станов, Афанасьевич, Сергей, Савельев, Александра Яковлевна, Митрий, Симон, Девяткин, Захар, Марфа, Лев Николаевич, Анна Митрофановна, Желябов, Софья Перовская Ишютин.

Үшінші топтағы есімдер - орыс халқынан шыққан үстем тап өкілдері – Лосовский, Казанцев, Никифоров, Хамутов, Сойкин, Кошкин, Лорис Метков

т.б.

«Абай» романдағы орыс есімдеріне байланысты мынадай жағдайларды ескеру қажет. Біріншіден, романдағы әңгімеленген дәуір қазақ тіліне орыс тілінің енді ғана ене бастаған дәуірі. Онда да ауыз екі сөйлеу тілі арқылы.

Бұл

дәуірдегі тайға таңба бастағандай көрініп тұратын. Ал араб-парсы тілінен енген

есімдерге бұны айтуға болмайды. Олардың сіңіскені сондай оларды ажырату үшін этимологиялық талдау қажет. Қазақтың байырғы өз сөзіндей болып

Лосовский әмірінен соң, үй іші аз уақыт жым-жырт еді/І;397/. Ширатылған ұзын қоңыр мұрты бар, биік бойлы суық қабақты қара сұр ояз Кошкин ақыра тергеу жасап отыр/І;395/. Х о м у т о в есікте тұрды да қатқыл, суық үнмен хабар

етті /І;402/. Михайловтың Абайға берген бұл кеңесі енді іштесіп келген достықтың айғағы /І;426/. Е в г е н и й П е т р о в и ч шынымды айтайын мен адам баласының білім қазынасында мұсылманшылық халі өзі бір бөлек жатқан

жалғасы жоқ дүние деп ұғушы едім /І;426/. Д а й н а шешей өзінің ашулы әңгімесін, Абайды ауыз бөлмеде тоқтатып ап, айтып тұр /І; 499/. Ол ұрысып тұрған околотканың қарт жандармы – С е л а н т и й /І;499/. Өзін емес, жаңа мына көрші қатын С и д о р и х а н ы көрдім /І;500/. Жиырма жылқының ұзын ырғасын К а з а н ц е в к е бір өзі өткізіпті дейді./І;522/. Начальник Н и к и ф о р

о в т ы қазір билер старшиндер қоршап алған, елпек қағып күтіп жатыр /І;122/.

С о й к и н Оспанды оңаша шақыртып алып, қатты қысқанды /II; 131/. Д а р и я  
өзге әйелдер атынан қазақ әйелдерімен еркін сөйлесті /II; 186/. А ф а н а с ь е  
в  
и я ч т і ң атын сұрап оны « Апанас» қойған /II; 186,188/. Балуанкеуде сары  
мұрттысы Ф е д о р, екіншісі, кішілеу денелі, өткір шүңірек көк көзді шал С е  
р г е й /II;186/. Балуан денелі Ф е к л а қатқыл үнмен кесіп сөйлейді /II;187/. С  
а ш а қалыңдықтар ішінде ерен жолы бар өзгеше / II;206/. Бұл қазақшаға  
жүйрік Семейдің сағатшысы С а в е л ь е в екен / II;279/. Мына науқас  
басталғалы А л е к с а н д р а Я к о в л е в а н ы осы бір больницасына  
ауыстырған екен /II; 302/. Осында жүретін М е т р е й мен С и м о н деген екі  
« охотшы» бар ғ о й /II;347/. Орта бойлы жұқалау денелі, шоқша сақал, үлкен  
мұртты ісшіл, ширақ адам болатын /II;347/. Қоңыр шаш сәл жирен шоқша  
сақалды фельдшер Д е в я т к и н 35 жастар шамасындағы адам. З а х а р И в а  
н о в и ч т і ң әйелі М а р ф а Л а з а р е т т і ң барлық Алматы қаласы білген  
қадірлі дәрігер – доктор Ф и д л е р д і ң өзі /II;424/. Мейірімді Л е в Н и к о л  
а  
е в и ч соншалық биязы Әбішті ренжіте алмайды /II;425/ . Павловтың  
сұрақтары қазақтың еңбек иесі қалың халқының қамын жеген қамқор достың  
білімін білдіреді /II;230/. П у ш к и н н і ң өмірін , өлімін қысқа баян етіп  
берді  
/I,380/. Семіз көк көз бәйбіше А н н а М и т р о ф а н о в н а /II;235/.Орыс  
халқының шын зары мен арманды жанын танытқан Н е к р а с о в көкейімнен  
кетпей отыр /II,291/. Бүгінгі Россиядағы азатшылдық күресі Ч е р н ы ш е в с  
к  
и  
й жолынан да ілгері кетті /II,218/. Өз заманының ауырпалығына қарсы жаңа  
жол танытқан Г е р ц е н /II;218/ . Сыртқы істер министрі стац – секретары  
Г и р ц мәлім еткен ./II;667/. Ішкі істер министрі генерал адъютант граф  
Л о р и с – М е н и к о в /I;667/.

Сол күні Петербургте С е м е н о в с к и й плацда дарға асылған Ж е л я  
б о в туралы және орыс қызынан шыққан қаһарманы С о ф ь я П е р о в с к а я  
туралы әзірше естіген хабарын білдірді /I.II;672/. Ал, артынан ұсталған  
немере ағасы , басшысы И ш ю т и н /I.II;676/. Патша күймеден түсе бергенде  
атып тұрып жүргізе алмаған К а р а к о з о в т ы Абай , «Неткен жолсыз  
сорлы  
еді» деген /I.II;674/.А л е к с е й Т о л с т о й д ы ң «Князь Серебряный» деген

ромоны болатын /II.733/. Менің алғаш дос тұтқаным Л е р м о н т о в не көрмеген /I;282/. Халықшыл М и х а л и с деген кісімен таныс болады /II;171/.

Түркі тілдерінде соның ішінде қазақ тіліндегі орыс тілінен кірген сөздерді тұрмыс қажетіне қатысты сөздер деп әкімшілік ел басқарушылық сөздер деп ғылым мен мәдениетке қатысты сөздер деп тақырыпқа бөліп қарау дәстүрі бар. Ал, біз «Абай» романынан кездесетін антропонимдерді бұлай деп бөліп қарай алмаймыз.

Тек қана жоғарыдағыдай көрсеткеніміздей алдыңғы қатарлы орыс интелегенттері халық бұқарасының өкілдері, үстем тап өкілдері деп топқа бөліп

қараумен шектелдік . Бұл есімдердің этимологиясымен формологиялық тұлғаларын анықтау біздің міндетімізге жатпайды деп ойлаймыз.

М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы орыс антропонимдерінің байланысты мынадай нәрселерді жөндеп ескереміз. Романдағы орыс есімдері қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне байланысты орыс тіліндегі А ф а н а с т и ч

т і «Апанас» деп атауы, П у ш к и н д і «Пошкин», сары майор дегенді «сырмайыр» атауы, Д а р ь я н ы «Жария»деп қою сияқты құбылыстар бар.

Орыс есімдерінің қазақ есімдеріне айналу дәуірі Абай замандарынан басталып ХІХ ғ. екінші жартысынан басталып бүгінгі күнге дейін бірде толастаған жоқ. Әрине, бұл дәстүр халықтарды бір-бірімен жақындастыратын игілікті дәстүр.

Қорыта айтқанда, лингвомәдени жүйеде анықталатын қазақ тіліндегі антропонимдер - көне дәуірлерден этникалық ақпарат жеткізетін тарихи, мәдени және рухани әлеуметтік құбылыс.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы
2. Т. Жанұзақов. Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы, 1971ж.
3. С. Аманжолов Вопросы диалектология и история казахского языка. Алма-ата, 1959 г.
4. Қ. Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966 ж.